

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 23 қазандағы № 115
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылғы 24
қазанда № 37230 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек
көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023
жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32160 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт), осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің интернет-ресурсында орналастыруды;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Стандарттың 5 және 17-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**

А. Альназарова

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 23 қазандағы
№ 115

Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2023 жылғы 30 наурыздағы
№ 49 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7-тармағының 32) тармақшасына, 138-бабына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының халқына медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандары (бұдан әрі – МСАК мамандары) – жалпы практика дәрігерлері (отбасылық дәрігерлер), учаскелік терапевттер, педиатр, фельдшерлер, акушерлер, кеңейтілген практика мейіргерлері (жалпы практика), учаскелік мейіргерлер, сондай-ақ алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкер, психолог.

2) бейінді маман – денсаулық сақтау саласында сертификаты бар жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

3) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі бақылау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

4) дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлері дербес немесе мультипәндік команданың құрамында көрсететін, денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейін диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен емшараларды орындауды және пациенттерге, мүгедектігі бар адамдар мен хал үстіндегі адамдарға күтімді қамтитын медициналық көмек;

5) жылжымалы медициналық кешендер – ауылдық жерлердің және шалғайдағы елді мекендердің халқына көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және тізбесін кеңейту үшін не қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін пайдаланылатын, қажетті медициналық жабдықпен жарақтандырылған автомобиль көлігі базасындағы мобильді клиникалар (кабинеттер);

6) клиникалық хаттама – профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар және белгілі бір ауруға немесе пациенттің жағдайына арналған паллиативтік медициналық көмек;

7) кеңейтілген практика мейіргері – мейіргер ісі саласында орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар, мейіргерлік күтім шеңберінде кеңейтілген функцияларды жүзеге асыратын маман;

8) кезек күттірмейтін медициналық көмек – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

9) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

10) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) - Денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

11) мультипәндік топ – пациент организмінің функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;

12) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) –адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді қамтитын халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

13) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

14) мобильді бригада – бұл инфекциялық және басқа да аурулар кезінде азаматтарға медициналық қызметтер көрсетуге бағытталған МСАК мамандарының үйде қызмет көрсету жұмысының нысаны;

15) отбасылық дәрігер – отбасы мүшелеріне медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету бойынша арнайы көпбейінді даярлықтан өткен және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты бар дәрігер;

16) профилактика – аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте сатыларда өршуінің алдын алуға және өршіп кеткен асқынуларды, ағзалар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

17) патронаж – медицина қызметкерлерінің үйде профилактикалық және ақпараттық іс-шаралар өткізуі (жаңа туған нәрестенің патронажы, жүкті әйелдің, перзентхананың, диспансерлік пациенттің патронажы);

18) стационарды алмастыратын көмек – дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып, медициналық бақылаумен медициналық көмекті ұсыну нысаны;

19) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі.

3. МСАК қызметтерін көрсетуді «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы қызмет түріне лицензиясы бар медициналық ұйымдар (бұдан әрі – МСАК ұйымдары) жүзеге асырады.

4. МСАК қызметтерін көрсету ТМККК шеңберінде, МӘМС, жеке және заңды тұлғалардың жарналары есебінен көрсетілетін ерікті және (немесе) жүктелген медициналық сақтандыру жүйесінде, сондай-ақ «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес ақылы түрде жүзеге асырылады.

5. Пациент бірінші рет жүгінген кезде МСАК медициналық қызметтерін көрсету осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде жүзеге асырылады.

6. МСАК жұмысының қағидаттары:

- 1) қызмет көрсетудің отбасылық қағидатын;
- 2) МСАК-тің аумақтық қолжетімділігін;
- 3) Кодекстің 123-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аумақтық қолжетімділік шегінде медициналық ұйымды еркін таңдауды;
- 4) пациенттің медициналық көмек сапасына қанағаттануын;
- 5) меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, тең құқықтылық және адал бәсекелестікті қамтитын МСАК қызметтері.

7. МСАК қызметтерін алу үшін азаматтар «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес МСАК ұйымына бекітіледі.

8. Ауыл халқына МСАК, оның ішінде жылжымалы медициналық кешендер және (немесе) медициналық пойыздар арқылы көрсетілетін қызметтер «Жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық пойыздар арқылы медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-241/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21745 болып тіркелген) сәйкес ұсынылады.

9. Тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға МСАК «Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № ҚР ДСМ-61/2022 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28669 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

10. МСАК-ті жалпы практика дәрігерлері (отбасылық дәрігерлер), учаскелік терапевтер, педиатрлар, фельдшерлер, акушерлер, кеңейтілген практика (жалпы практика) мейіргерлері, учаскелік мейіргерлер, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер, психологтар көрсетеді.

11. МСАК мамандары лауазымдарының біліктілік сипаттамалары «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ–305/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) айқындалады.

12. МСАК көрсететін мамандардың дағдылары мен құзыреттерінің көлемі осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

13. МСАК ұйымдары бөлімшелерінің (кабинеттерінің/бөлімшелерінің) құрылымы осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

14. МСАК ұйымдарының штаттық нормативтері осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

15. МСАК көрсететін медициналық пунктті материалдық-техникалық жарактандыру осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес айқындалады.

16. МСАК деңгейінде көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

17. МСАК көрсететін ұйымға жүгіну себептері осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.

18. Медициналық құжаттаманы жүргізу және есептерді ұсыну «Бастапқы медициналық құжаттаманы жүргізу және есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-244/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21761 болып тіркелген) сәйкес, «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды орындау жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) медициналық құжаттаманың бекітілген нысандарына сәйкес және «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ – 313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттамаларды ұсынуды қамтамасыз етеді.

19. МСАК ұйымдары «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар

мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24069 болып тіркелген) сәйкес халықты жекелеген жағдайларда дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етеді.

20. Пациенттерге шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес МСАК ұйымдарында жүзеге асырылады.

21. Медициналық көрсетілімдер болған кезде МСАК ұйымының дәрігері «Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 32740 болып тіркелген) сәйкес күндізгі стационар немесе үйдегі стационар жағдайында медициналық көмек алуға жолдама қалыптастырады.

22. Медициналық көмек көрсетуге, оның ішінде тәулік бойы медициналық байқаумен жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып көмек алуға мұқтаж пациенттер «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) сәйкес жоспарлы тәртіппен стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына емдеуге жатқызуға жіберіледі.

2-тарау. МСАК ұйымдарының құрылымы

23. Халыққа МСАК:

1) үйде;

- 2) медициналық пунктте;
- 3) фельдшерлік-акушерлік пунктте;
- 4) дәрігерлік амбулаторияда (Отбасылық денсаулық орталығы);
- 5) МСАК орталығында;
- 6) аудандық емханада және (немесе) нөмірлік аудандық емханада;
- 7) қалалық емханада;
- 8) республикалық МСАК орталығында көрсетіледі.

24. Аудандық деңгейде халық саны 50 (елу) адамнан кем елді мекенде МСАК көрсететін медициналық объект (үй-жай) болмаған кезде медициналық көмекті жалпы, учаскелік және (немесе) кеңейтілген практика мейіргері және (немесе) фельдшер және (немесе) акушер (бұдан әрі - мейіргер ісі маманы) үйде көрсетеді.

1-параграф. Медициналық пункт

25. Медициналық пункт (бұдан әрі – МП) «Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-223/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-223 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21721 болып тіркелген) сәйкес дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсететін дәрігерлік амбулаторияның, МСАК орталығының, қалалық немесе аудандық (нөмірлік) емханалардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

26. МП:

- 1) халық саны 50 (елу) адамнан 500 (бес жүз) адамға дейінгі әрбір елді мекенде (ауылдық округте);
- 2) халық саны 50 (елу) адамнан кем елді мекенде, 5 километрден астам радиуста медициналық ұйым болмаған кезде құрылады.

27. МП жұмыс режимі жұмыс күндері сағат 08:00-ден 17:00-ге дейін белгіленеді.

Үйге шақыртуды тіркеу жұмыс күндері сағат 08:00-ден 15:00-ге дейін жүзеге асырылады.

28. МП мейіргер ісінің маманы:

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес дағдылар мен құзыреттер көлемінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетеді;

2) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес дағдылар мен құзыреттер көлемінде МП жұмыс уақытында кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді;

3) қажет болған жағдайда жақын орналасқан денсаулық сақтау ұйымының мобильді бригадасын немесе жедел медициналық жәрдем бригадасын шақырады;

4) пациентке МСАК көрсететін жақын орналасқан медициналық ұйымға білікті көмек көрсету қызметтерін алу үшін жалпы практика дәрігеріне (отбасылық дәрігерге) консультацияға жолдама береді;

5) телекоммуникациялық инфрақұрылым болған кезде көрсетілімдер бойынша МСАК ұйымының дәрігеріне қашықтықтан консультация беруді қамтамасыз етеді.

2-параграф. Фельдшерлік-акушерлік пункт

29. Фельдшерлік-акушерлік пункт (бұдан әрі – ФАП) №ҚР ДСМ-223 бұйрыққа сәйкес дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсететін қалалық немесе аудандық (нөмірлік) емханалардың құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

30. ФАП халық саны 500-ден (бес жүз) 1500 (бір мың бес жүз) адамға дейін, халық саны 500 (бес жүз) адамнан кем және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша дәрігерлік амбулаториялардан, аудандық ауруханалардан, облыс орталықтарынан қашықтығы бар әрбір елді мекенде (ауылдық округте) құрылады.

31. ФАП-тың жұмыс режимі жұмыс күндері сағат 08:00-ден 17:00-ге дейін белгіленеді.

Үйге шақыртуды тіркеу жұмыс күндері сағат 08:00-ден 16:00-ге дейін жүзеге асырылады.

32. ФАП мейіргері маманы:

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес дағдылар мен құзыреттер көлемінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетеді;

2) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес дағдылар мен құзыреттер көлемінде ФАП жұмыс уақытында кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді;

3) қажет болған жағдайда жақын орналасқан денсаулық сақтау ұйымының мобильді бригадасын немесе жедел медициналық жәрдем бригадасын шақырады;

4) пациентке МСАК көрсететін жақын орналасқан медициналық ұйымға білікті көмек көрсету қызметтерін алу үшін жалпы практика дәрігеріне (отбасылық дәрігерге) консультацияға жолдама береді;

5) телекоммуникациялық инфрақұрылым болған кезде көрсетілімдер бойынша МСАК ұйымының дәрігеріне қашықтықтан консультация беруді қамтамасыз етеді.

3-параграф. Дәрігерлік амбулатория (Отбасылық денсаулық орталығы)

33. Дәрігерлік амбулатория (Отбасылық денсаулық орталығы) (бұдан әрі – ДА) дербес заңды тұлға немесе емхананың, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

34. ДА бекітілген халық саны 1500 (бір мың бес жүз) адамнан 5000 (бес мың) адамға дейін, халық саны 1500 (бір мың бес жүз) адамнан кем және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша аудандық ауруханалардан, облыс орталықтарынан қашық орналасқан елді мекенде (ауылдық округте) құрылады.

35. ДА-да мейіргер ісі, жалпы практика дәрігері (отбасылық дәрігер) және (немесе) учаскелік терапевт және (немесе) учаскелік педиатр дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек қызметтері көрсетіледі. Қажет болған жағдайда психолог пен әлеуметтік қызметкердің қызметтері ұсынылады.

36. ДА-ның жұмыс режимі жұмыс күндері жылжымалы график бойынша сағат 08.00-ден бастап сағат 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін белгіленеді.

Үйге шақыртуды тіркеу жұмыс күндері 08:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күні 08:00-ден 12:00-ге дейін жүзеге асырылады.

37. ДА-ның қызмет көрсететін аумағында тұратын пациенттерге үйге шақыртуларға қызмет көрсету белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады. ДА МСАК мамандары үйге шақыртуларға, оның ішінде ДА құрамына кіретін МП, ФАП қызмет көрсету аумағында тұратын пациенттерге қызмет көрсетеді.

38. Телекоммуникациялық инфрақұрылым болған жағдайда МСАК ұйымының дәрігері МП, ФАП қызмет көрсету аумағында тұратын пациенттерге қашықтықтан консультация береді және көрсетілімдері бойынша бейінді мамандарға қашықтықтан консультация беруді қамтамасыз етеді. МСАК ұйымының дәрігері болмаған кезде мейіргер ісінің маманы көрсетілімдері бойынша МСАК ұйымының дәрігерінің қашықтықтан консультация беруін ұйымдастырады.

4-параграф. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы

39. МСАК орталығы дербес заңды тұлға немесе денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

40. МСАК орталығы бекітілген халық саны 5 000 (бес мың) адамнан 30 000 (отыз мың) адамға дейінгі елді мекенде (ауылдық округте) құрылады.

41. МСАК орталығында жалпы практика дәрігері (отбасылық дәрігер) және (немесе) учаскелік терапевт және (немесе) учаскелік педиатр, мейіргер ісі мамандары, психолог пен әлеуметтік қызметкер дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетіледі.

42. МСАК орталығының жұмыс режимі жұмыс күндері жылжымалы график бойынша сағат 08.00-ден сағат 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 8.00-ден сағат 14.00-ге дейін белгіленеді.

Үйге шақыртуды тіркеу жұмыс күндері сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күні сағат 08:00-ден 12:00-ге дейін жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда шақыртуға мобильді бригада жіберіледі.

43. МСАК орталығы қызмет көрсететін аумақта тұратын пациенттерге үйге шақыртуларға қызмет көрсету белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда МСАК орталығының мобильдік бригадалары үйге, оның ішінде МСАК орталығының құрамына кіретін МП, ФАП, ДА қызмет көрсету аумағында тұратын пациенттердің шақыртуына қызмет көрсетеді.

44. Телекоммуникациялық инфрақұрылым болған жағдайда МСАК ұйымының дәрігері МП, ФАП, ДА МСАК орталығының қызмет көрсету аумағында тұратын пациенттерге қашықтықтан консультация жүргізеді және көрсетілімдері бойынша бейінді мамандардың қашықтықтан консультациясын қамтамасыз етеді.

5-параграф. Емхана

45. Емхана – өзі қызмет көрсететін ауданда тұратын халыққа дәрігерге дейінгі, білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған көп бейінді медициналық ұйым.

46. Аудандық емхана аудандық немесе көп бейінді орталық аудандық аурухананың құрамында аудандық орталықта құрылады.

Нөмірлік аудандық емхана 30 000 (отыз мың) және одан да көп халық саны бар ауылдық елді мекендері бар ауданда аудандық аурухананың жанынан құрылады.

Қалалық емхана 30 000 (отыз мың) адамнан асатын бекітілген халық саны бар қаланың аумақтық қызмет көрсету аймағы шегінде, бірақ кемінде бір қалалық емхана құрылады.

47. Емхананың жұмыс режимі жұмыс күндері жылжымалы график бойынша сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін белгіленеді.

Үйге шақыртуды тіркеу жұмыс күндері сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күні сағат 08:00-ден 12:00-ге дейін жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда шақыртуға мобильді бригада жіберіледі.

48. Емхана қызмет көрсететін аумақта тұратын пациенттерге үйге шақыртуларға қызмет көрсету белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда үйге шақыртуға, оның ішінде МП, ФАП, ДА, МСАК орталығының бекітілген қызмет көрсету аумағында тұратын пациенттерге емхананың мобильдік бригадалары қызмет көрсетеді.

49. Телекоммуникациялық инфрақұрылым болған кезде МСАК ұйымының дәрігері қашықтықтан консультация өткізуді, оның ішінде МП, ФАП, ДА пациенттеріне көрсетеді және көрсетілімдер бойынша бейінді мамандарды қашықтықтан консультация өткізуін қамтамасыз етеді.

6-параграф. Республикалық медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы

50. Республикалық МСАК орталығы - өзі қызмет көрсететін ауданда тұратын халыққа дәрігерге дейінгі, білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған, сондай-ақ өңірлік медициналық ұйымдарға ұйымдық-әдістемелік көмек көрсететін көп бейінді медициналық ұйым.

51. Республикалық МСАК орталығының жұмыс режимі жұмыс күндері жылжымалы график бойынша сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін белгіленеді.

Үйге шақыртуды тіркеу жұмыс күндері сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күні сағат 08:00-ден 12:00-ге дейін жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда шақыртуға мобильді бригада жіберіледі.

52. Республикалық МСАК орталығы қызмет көрсететін аумақта тұратын пациенттерге үйге шақыртуларға қызмет көрсету белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда үйге шақыруға мобильді бригадалар қызмет көрсетеді.

53. Телекоммуникациялық инфрақұрылым болған кезде МСАК ұйымының дәрігері қашықтықтан консультация өткізуді және көрсетілімдер бойынша бейінді мамандарды қашықтықтан консультация өткізуін қамтамасыз етеді.

54. Ұйымдастыру-әдіснамалық жұмыс бойынша іс-шараларды іске асырады.

3-тарау. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымдардың негізгі міндеттері мен бағыттары

55. МСАК аурулардың және жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, емдеуді, оның ішінде:

1) анағұрлым кең таралған аурулардың диагностикасын, оларды емдеуді және басқаруды;

2) халықтың нысаналы топтарын (балаларды, ересектерді) профилактикалық қарап-тексеруді;

3) аурулар тәуекеленің мінез-құлықтық факторларын ерте анықтау мен олардың мониторингін және анықталған тәуекел факторларын төмендету дағдыларына оқытуды;

4) иммундауды;

5) саламатты өмір салтын (бұдан әрі – СӨС) қалыптастыру мен насихаттауды;

6) репродуктивтік денсаулықты сақтау жөніндегі іс-шараларды;

7) жүкті әйелдерді және босанған әйелдерді босанғаннан кейінгі кезеңде байқауды;

8) инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтиды.

56. МСАК ұйымдарының негізгі міндеттері:

1) қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету;

2) профилактика бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: балалар мен ересек халықтың нысаналы топтарын профилактикалық қарап-тексеру, патронаждық бақылау, динамикалық байқау, профилактикалық егулерді жоспарлау және жүргізу, денсаулық мектептерін ұйымдастыру;

3) халыққа, оның ішінде үйде дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсету;

4) профилактиканың, диагностиканың, емдеу мен оңалтудың жаңа технологияларының қызметін жетілдіру және енгізу;

5) басқа денсаулық сақтау ұйымдарымен сабақтастықты және ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету болып табылады.

57. Нысаналы топтарға профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу және диагностикалық қызметтердің кезеңділігімен, еселігімен және көлемімен мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау «Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) сәйкес қамтамасыз етіледі.

58. Скринингтік зерттеулер жүргізу «Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) сәйкес қамтамасыз етіледі.

59. Профилактикалық екпелерді жүргізу «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

60. Профилактикалық екпелерді есепке алу вакцинация жүргізілетін жердегі денсаулық сақтау объектілерінде, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, білім беру объектілерінде сақталатын есепке алу нысандарындағы тиісті жазбалармен жүзеге асырылады: № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген, оның ішінде МАЖ арқылы профилактикалық екпелерді есепке алу журналы 066/е нысаны, иммундау паспорты № 065/е нысаны, амбулаториялық пациенттің медициналық картасы № 052/е нысаны, антирабиялық көмекке жүтінген адамның картасы 059/у нысаны.

Иммундаудан кейін қолайсыз оқиғалар жағдайларының тіркелуі егілген адамнан МСАК маманына хабарлама келіп түскен кезде МАЖ-ға енгізіледі. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда қағаз түрінде кейіннен МАЖ-ға енгізіліп, ресімделеді.

61. Емдеу және сауықтыру жоспарын құра отырып, ауыз қуысының профилактикалық тексерулері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балалар, жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары және жүктілік бойынша есепке тұрған әйелдер арасында жүргізіледі (тіс аурулары - тіс тіндері мен тіс тіндерінің жанында аурулар болған кезде). Профилактикалық тексерулерге сонымен қатар балаларға тіс және ауыз қуысының шырышты қабығын күту бойынша санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйрету кіреді.

62. Денсаулық сақтау саласында әлеуметтік қызметтер көрсету «Денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 153 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33545 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

63. Обыр алды және онкологиялық аурулардың профилактикасы және оларды белсенді ерте анықтау «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25167 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-112 бұйрық) сәйкес жүргізіледі.

64. Туберкулез профилактикасы, оны белсенді ерте анықтау және диагностикалау «Туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21695 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығы) сәйкес, оның ішінде МАЖ арқылы жүргізіледі.

65. АИТВ инфекциясының бар-жоғын анықтау бойынша іс-шаралар «АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21692 болып тіркелген) сәйкес эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша жүргізіледі.

66. Психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары бар науқастардың профилактикасы және оны белсенді ерте анықтау «Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21712 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

67. 10 (он) жастан 18 (он сегіз) жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулығын сақтау бойынша МСАК қызметтері «Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмек ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31762 болып тіркелген), сондай-ақ «Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-285/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21846 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

68. Репродуктивтік денсаулықты сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер, оның ішінде жүкті әйелдер мен босанған әйелдерге патронаж «Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № ҚР ДСМ-92 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24131 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

69. Созылмалы аурулары бар және ауруларды басқару бағдарламасына тартылған адамдарды динамикалық байқау қызметтері «Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен

еселігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы №ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-149 бұйрық), № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрыққа сәйкес көрсетіледі.

70. Балалар халқына МСАК, оның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар, оның ішінде жаңа туған нәрестелер патронажы қызметтері «Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы № ҚР ДСМ-25 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27182 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-25 бұйрық) сәйкес жүргізіледі.

71. Медициналық оналту қызметтері «Медициналық оналту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32263 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

72. Паллиативтік көмек қызметтері «Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

73. Қашықтықтан медициналық қызметтер «Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген) сәйкес, сондай-ақ «Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) бекітілген медициналық қызметтер тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

74. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі. Тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау жөніндегі іс-шараларға қатысу «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

75. Әскерге шақыру учаскелеріне жатқызылатын, мерзімді әскери қызметке шақырылатын, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға түсетін азаматтарды медициналық куәландыру «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

4-тарау. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету тәртібі

76. Бекітілген халыққа қызмет көрсету үшін МСАК ұйымында осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес МСАК мамандарын бекіте отырып, учаске қалыптастырылады.

77. МСАК ұйымдары жұмысының тиімділік көрсеткіштерін есептеу кезінде бекітілген орны бойынша 6 (алты) айдан асатын ескіру мерзімімен тіркелген аурулар және (немесе) өлім жағдайлары ескеріледі.

78. МСАК ұйымының дәрігері учаскенің жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады және жұмыс көлемін МСАК мамандары арасында бөледі.

79. Жаңадан келген халық жалпы дәрігерлік учаскелерге бекітіледі, бұл ретте балалар ата-аналарының (заңды өкілдерінің) МСАК ұйымына тіркелген жері бойынша бекітіледі.

80. МСАК мамандарының қабылдауы:

- 1) медициналық ұйымның тіркелу орнына жеке жүгіну;
- 2) медициналық ұйымның call-орталығына жүгінген телефон нөмірі;
- 3) медициналық ақпараттық жүйелердің мобильді қосымшасы;
- 4) «Электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинет арқылы алдын ала жазылуымен жүзеге асырылады.

81. Мейіргер ісінің маманы күн сайын пациенттерге қоңырау шалады, МАЖ-ға деректерді енгізе отырып, қашықтықтан консультация береді және МСАК ұйымы дәрігерінің тексеріп-қарауы үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде пациентті мына жағдайларда қабылдауға жазады:

- 1) белгіленген созылмалы ауру бойынша динамикалық байқау;
- 2) жоспарланған қабылдауды ұйымдастыру;
- 3) емхана активінің фильтріне түсуі;
- 4) ауруханаға жатқызудан бас тарту;
- 5) жедел медициналық көмек шақырылғаннан кейін активтің болуы.

82. Қабылдауға жазылуды жүзеге асыру МАЖ-дағы алдын ала жазылу журналында бекітіледі. Пациент медициналық ақпараттық жүйелердің мобильді қосымшасы, ұялы телефон байланысы, электрондық пошта немесе SMS хабарлама арқылы қабылдау күні мен уақыты туралы хабарлама алады.

83. Қабылдауға жазылуды жүзеге асыру үшін МСАК ұйымы мамандардың қабылдау графигін күн сайын өзектілендіре отырып, кемінде күнтізбелік 60 (алпыс) күн кезеңіне қалыптастырады.

Мамандардың қабылдау графигін күн сайын өзектілендіру пациенттерді қабылдауға жазылу серпінін және МСАК маманының:

- 1) пациенттің, оның ішінде консультациялық-диагностикалық қызметтерден өту уақытын ескере отырып, жазбаны ауыстыруы;
- 2) пациентті қабылдаудан бас тарту;

- 3) пациенттің келмеуі;
- 4) маманның жұмыстан шығуы;
- 5) маманның еңбекке уақытша жарамсыздығы;
- 6) маманның демалысы себептері бойынша (жыл сайынғы негізгі ақылы, жалақысы сақталмайтын, бала күтімі бойынша) болмауын есепке алу мақсатында жүзеге асырылады.

84. МСАК ұйымдарында жауапты маман (менеджер, тіркеуші, call-орталықтың операторы) МАЖ арқылы мыналарды:

- 1) келушілердің ағынын реттеу және сұрыптауды;
- 2) пациенттерді бағдарлауды;
- 3) пациенттерді дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу және тіркелуді;
- 4) үйге шақыртуларды тіркеуді;
- 5) активтерді қабылдау, тіркеу және беруді;
- 6) МСАК көрсететін ұйымға бекітуге сұрау салуды тіркеуді жүзеге асырады.

85. МСАК ұйымына алғашқы жүтінген кезде мынадай мақсаттарда пациент дәрігерге дейінгі және қарап-тексеру кабинеттеріне (әйелдер, ерлер) жіберіледі:

- 1) ауру профилактикасы;
- 2) ауруларды ерте сатыда анықтау және оның дамуының алдын алу;
- 3) денсаулығы үшін қауіп факторларын анықтау (темекі шегу, алкогольді шамадан тыс тұтыну, физикалық белсенділіктің төмендігі, артық салмақ және семіздік).

86. Дәрігерге дейінгі кабинетте мейігер ісі маманы:

- 1) бойы мен салмақты өлшеуді;
- 2) дене салмағының индексін анықтауды;
- 3) белінің аумағын өлшеуді;
- 4) дене қызуын өлшеуді;
- 5) артериялық қысымды өлшеуді;

- 6) пульсоксиметрияны;
- 7) динамометрияны;
- 8) медициналық көрсетілімдер бойынша электрокардиографиялық зерттеуді;
- 9) медициналық көрсетілімдер кезінде шұғыл көмек көрсетуді;
- 10) № ҚР ДСМ-175 бұйрыққа сәйкес МАЖ-да деректерді тіркеуді жүргізеді.

87. Көрсетілімдер болған кезде мейіргер ісі маманы пациентті МСАК ұйымы дәрігерінің, психологтың, әлеуметтік қызметкердің, СӨС кабинеті, денсаулық мектебі консультациясына жібереді.

88. Қарап-тексеру кабинетінде мейіргер ісінің маманы:

- 1) артериялық қысымды өлшеуді;
- 2) бүкіл дененің тері қабатын қарап-тексеруді;
- 3) ауыз қуысының шырышты қабығын қарап-тексеруді;
- 4) қалқанша безін қарап-тексеру және пальпациялауды;
- 5) перифериялық лимфа түйіндерін қарап-тексеру және пальпациялауды;
- 6) әйелдерде сүт бездерін және ерлерде кеуде бездерін қарап-тексеру және пальпациялауды;
- 7) ішті қарап-тексеру және пальпациялауды;
- 8) ерлер мен әйелдердің сыртқы жыныс ағзаларын қарап-тексеруді;
- 9) кейіннен онкоцитологияға жібере отырып, жатыр мойнының мен цервикалды каналдың қынаптық бөлігінен қырынды алуды;
- 10) тік ішекті саусақпен зерттеуді жүргізеді.

Мейіргер ісі маманы МАЖ-да қарап-тексеру нәтижелерін толтырады және медициналық көрсетілімдер болған кезде нақты жүгіну жағдайының шеңберінде пациенттің бағдарын жасайды.

89. Дәрігерге дейінгі және қарау кабинетіндегі мейіргер ісі маманы пациенттің денсаулығына қатысты белсенді шағымдары болмаған және денсаулық көрсеткіштері қалыпты деңгейден ауытқымаған жағдайда тексеру

нәтижелерін МАЖ-ға енгізеді, ал белсенді шағымдар анықталған, денсаулық көрсеткіштері өзгерген жағдайда – МСАК ұйымының дәрігерінің қабылдауына жібереді.

90. Мейіргер ісінің маманы өз бетінше мейіргерлік қабылдауда:

1) құзыреті шегінде мейіргерлік зерттеп-қарауды (субъективті зерттеп-қарау: пациенттің денсаулық жағдайы туралы ақпарат жинау, шағымдар, өмірінің анамнезі, ауруының анамнезі және әлеуметтік және психологиялық қауіптерді анықтау);

2) пациентті объективті қарап-тексеру (тамырдың соғуын, артериялық қан қысымын, тыныс алу қозғалысының жиілігін, пульсоксиметрияны, динамометрияны, бойын, салмағын, белін өлшеу, диабеттік нейропатияны (тактильді, діріл және ауырсыну сезімталдығын) анықтау үшін аяқбасын қарап-тексеруді қоса алғанда, теріні және көрінетін шырышты қабықтарды қарап-тексеруді);

3) зертханалық-аспаптық зерттеулердің нәтижелерін бастапқы түсіндіру;

4) осы Стандартқа 7-қосымша мейіргер диагнозы жіктемесіне сәйкес мейіргердің диагнозды белгілеуі және мейіргерлік араласуларды орындауды;

5) МАЖ-ға қабылдау нәтижелерін енгізуді;

6) СӨС дағдыларын қалыптастыру бойынша консультацияны;

7) № ҚР ДСМ-149 бұйрыққа сәйкес белгіленген созылмалы аурулары бар пациенттерді динамикалық байқау іс-шараларын;

8) пациентті және отбасы мүшелерін жалпы күтім емшараларына және ауруды басқаруға оқытуды ұйымдастыру және бақылауды;

9) пациентте шағымдар, зертханалық-диагностикалық қызметтердің нәтижелеріне сәйкес патологиялық өзгерістер болған кезде МСАК ұйымының дәрігеріне жолдама беруді;

10) әлеуметтік және психологиялық қауіптер анықталған кезде әлеуметтік қызметкерді және/немесе психологты қабылдауға жіберуді;

11) СӨС маманына және денсаулық мектебіне жолдама беруді;

12) учаскеге бекітілген халықты динамикалық байқау қызметтерімен қамту туралы есепті қалыптастыруды жүргізеді.

91. Жоспарланған қабылдауды ұйымдастыру үшін мейіргер ісі маманы:

- 1) өзінің қабылдауы мен МСАК ұйымының дәрігерінің қабылдауына жазуды күнделікті мониторингтеуді және өзектілендіруді;
- 2) қабылдауға жазылу графигіне сәйкес пациентті сәйкестендіру;
- 3) жүгіну мақсатын, консультациялық-диагностикалық қызметтер нәтижелерінің болуын анықтау үшін пациентке алдын ала қоңырау шалу;
- 4) алдын ала (қабылдау күніне дейін 1 күннен кешіктірмей) МСАК ұйымының дәрігерін пациенттің жүгіну мақсаты туралы хабардар етеді және консультациялық-диагностикалық қызметтің нәтижелерін (бар болса) ұсынады;
- 5) МСАК ұйымының дәрігерінің тағайындауы бойынша қосымша консультациялық-диагностикалық қызметтерге жолдама қалыптастыруды және пациентке қызмет алу қажеттілігі туралы хабарлауды;
- 6) қажет болған жағдайда қосымша консультациялық-диагностикалық қызметтер алу үшін уақытын ескере отырып, пациенттің қабылдауға жазылуын түзетуді жүргізуді;
- 7) МСАК ұйымының дәрігеріне жоспарланған қабылдауды жүргізу үшін консультациялық-диагностикалық қызметтер нәтижелерінің дайындығы туралы хабарлауды жүзеге асырады.

92. Мейіргер ісі маманы:

- 1) әмбебап-прогрессивті патронаж моделіне сәйкес жүкті әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балалардың патронажын;
- 2) жүкті әйелдердің, босанған әйелдердің, балалардың медициналық және әлеуметтік қаупін анықтауды және қауіп дәрежесін белгілеуді;
- 3) МСАК ұйымының дәрігеріне учаскедегі әйелдер мен балаларда анықталған медициналық және әлеуметтік қауіптер туралы хабарлауды;
- 4) әмбебап-прогрессивті патронаж моделі шеңберінде әлеуметтік кейстер бойынша есепті құжаттаманы жүргізуді;
- 5) созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқау жоспарын жасауды;

6) профилактикалық егулермен қамту жөніндегі жоспарды, есепті жасау және иммундау профилактикасы мақсатында жоспарланған қабылдауларды ұйымдастыруды;

7) бекітілген халықты скринингтік зерттеулермен қамту жөніндегі жоспар мен есепті жасауды;

8) пациенттерді скринингтік зерттеулерге шақыруды;

9) патронаж нәтижелерін МАЖ-ға енгізуді жүргізеді.

93. Мейіргер ісі маманы үйге актив арқылы баруды:

1) жүкті әйелдер мен босанған әйел белгіленген күннен кейін 3 күн ішінде қабылдауға келмегенде;

2) босанған әйелдің бекітілген мәртебесіне қарамастан, акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарынан келіп түскен мәліметтер бойынша қызмет көрсетілетін аумаққа келген;

3) инфекциялық аурулар эпидемиясының туындау қатері, оның ішінде үйлерді аралау жолымен вакцинациядан бас тартқан адамдарды немесе инфекциялық аурумен ауыратын науқастарды, олармен байланыста болған адамдарды және инфекциялық ауруға күдікті адамдарды анықтаған кезде жүргізеді.

94. Кешенді тәсілді талап ететін күрделі клиникалық жағдайларды қарау үшін МСАК ұйымдарында мультипәндік топ құрылады, оның құрамы мен қызметі туралы ереже денсаулық сақтау ұйымының бірінші басшысымен бекітіледі және созылмалы аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуге кешенді жеке тәсілді қамтамасыз ететін мамандар енгізіледі.

95. Мультипәндік топ құрамына:

МСАК ұйымының дәрігері;

пациенттің ауру сипатына қарай бейінді мамандар, оның ішінде педиатр, терапевт, акушер-гинеколог;

мейіргерлер (кеңейтілген практика, учаскелік, жалпы практика);

психолог;

әлеуметтік қызметкер;

СӨС мамандары кіреді.

96. МСАК ұйымының дәрігерінің жұмыс уақыты 8 (сегіз) сағатты құрайды, оған пациенттерді қабылдау (кемінде 6 (алты) сағат), құжаттамамен жұмыс, оның ішінде пациенттің жай-күйін бағалау және қажетті түзету іс – шараларын жүргізу үшін зертханалық-диагностикалық қызметтердің алдын ала дайындалған нәтижелері бар пациенттерді қабылдауға дайындау кіреді (бұдан әрі- жоспарланған қабылдау).

97. МСАК ұйымының дәрігерінің қабылдау уақытының ұзақтығы:

1) пациенттің жүгінуі бойынша (жоспарланбаған қабылдау) – 15 (он бес) минутты;

2) жоспарланған қабылдау – 10 (он) минутты;

3) профилактикалық қарап-тексеру – 10 (он) минутты;

4) динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулары бар пациенттерге уәжді консультация беру-кемінде 30 (отыз) минутты құрайды.

98. МСАК ұйымының дәрігері пациентті қабылдап, мыналарды жүзеге асырады:

1) қабылдауға жазылу графигіне сәйкес пациентті сәйкестендіру;

2) шағымдарды жинау;

3) пациентті объективті қарап-тексеру;

4) артериялық қысымын өлшеу;

5) пациенттің объективті жай-күйін бағалау;

6) консультациялық-диагностикалық қызметтер нәтижелерін түсіндіру;

7) қосарласқан ауруларды есепке алу және анықтау;

8) қосымша зерттеп-қарау әдістеріне жолдама ресімдеу;

9) көрсетілімдер бойынша диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес түпкілікті диагноз қою үшін бейінді мамандардың консультациясын тағайындау;

10) пациенттің бағдарын айқындай отырып, жеке бақылау және/немесе емдеу жоспарын жасау (мейіргер ісі маманының, МСАК ұйымының дәрігерінің, бейінді маманның байқауы);

11) осы қосымша зерттеп-қарауда анықталған аурулар мен ауытқуларды ескере отырып, емдеуді түзету.

99. Амбулаториялық жағдайларда қатерлі ісіктер анықталған немесе оған күдік болған кезде МСАК маманы пациентке «Жасыл дәліз» (бейдж) карточкасын береді, «1-онко сақтық» маркерін қояды және кезектен тыс бағдар бойынша № ҚР ДСМ-112 бұйрығына сәйкес қосымша зерттеп-қарауға жібереді.

100. МСАК ұйымының дәрігері үйге актив арқылы баруды:

1) жүкті немесе босанған әйел босандыру ұйымдарынан шығарылғаннан кейін 3 тәулік ішінде;

2) жаңа туған нәресте босандыру ұйымдарынан шығарылғаннан кейін 3 тәулік ішінде патронаж;

3) қозғалысы шектелген кезде ауыр жағдайы бар пациенттерден стационардан шығару үзіндісі немесе жедел медициналық жәрдем станциясынан ақпарат (активтер) берілген кезде жүргізеді.

101. МСАК ұйымдарында педиатрлардың медициналық қызметтер көрсетуі № ҚР ДСМ-25 бұйрыққа сәйкес мамандандырылған медициналық көмек түрінде жүзеге асырылады.

102. МСАК ұйымдарында педиатрлар мен терапевттердің медициналық қызметтер көрсетуі учаскелерден тыс мамандандырылған медициналық көмек түрінде жүзеге асырылады.

Педиатр:

1) балалар ауруларын диагностикалау және емдеу бойынша жалпы практика дәрігеріне, оның ішінде мультипәндік топтың құрамында консультациялық көмек көрсетуді;

2) вакцинация егу алдында балалар жастағы пациенттерді қарап-тексеруді;

3) көрсетілімдер бойынша мобильді бригаданың балалар жасындағы пациенттерге бару кезінде консультациялық көмекті;

4) балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра қадағалап қарау және балаларды әмбебап-прогрессивті патронаждық байқау бойынша жұмысты үйлестіруді;

5) бала даму кабинетінің немесе баланың ерте араласу және даму орталығының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады.

Терапевт:

1) ауруларды диагностикалау және емдеу бойынша жалпы практика дәрігеріне, оның ішінде мультипәндік топтың құрамында консультациялық көмекті;

2) фертильді жастағы әйелдерді жүктілікке дайындау іс-шаралары;

3) экстрагенитальды аурулары бар жүкті әйелдерді динамикалық байқауды;

4) көрсетілімдер бойынша мобильді бригада шыққан кездегі консультациялық көмекті;

5) егде жастағы пациенттерге консультациялық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

103. Пациенттер инфекциялық ауру немесе оған күдігі бар белгілерімен МСАК ұйымына жүгінген кезде медициналық көмекті МСАК мамандары алдын ала жазылусыз филтёрде жүзеге асырады.

104. МСАК ұйымының бірінші басшысының шешімі бойынша осы Стандартқа 3,4-қосымшаларға сәйкес құрамын, жарақтандырылуын регламенттейтін кезек күттірмейтін көмек кабинеті мен мобильді бригадалардың қызметі туралы ереже бекітіледі.

105. Пациенттерге кезек күттірмейтін жағдайға байланысты медициналық көмек олардың бекітілуіне қарамастан көрсетіледі.

106. Кезек күттірмейтін көмек кабинетінде:

1) жіті аурулар немесе өмірге қауіп төндіретін айқын белгілері жоқ созылмалы аурулардың өршуі (оның ішінде асқынусыз ауырсыну синдромы және артериялық гипертензия);

2) терінің және тері астындағы тіннің жіті қабыну және аллергиялық аурулары;

3) жеңіл жарақаттар (жеңіл жаралар, күйіктер, ұрылу, көгеру) кезінде көмек көрсетіледі.

107. Шұғыл емдеуге жатқызуға көрсетілімдері бар пациентке тәулік бойы стационарға тасымалдау үшін кезек күттірмейтін немесе жедел медициналық жәрдем бригадасын шақырту қамтамасыз етіледі.

Пациенттерді шұғыл тәртіппен стационарға емдеуге жатқызу МСАК мамандарының жолдамасынсыз жүзеге асырылады.

108. МСАК ұйымдарында мобильді бригадалар кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету және үйге шақыруларға қызмет көрсету үшін 25 мың халыққа шаққанда 1 (бір) мобильді бригада есебінен құрылады (жеделдіктің 4 (төртінші) санаты)). Ұйымға бекітілген халық саны 25 мыңнан аз болған кезде кемінде 1 (бір) мобильді бригада құрылады. Мобильді бригадалар саны эпидемиологиялық жағдайдың өзгеруіне, географиялық орналасуына, қызмет көрсету аумағының ұзақтығына, ұсынылатын есептеулерге халықтың өмір-сүру тығыздығына байланысты ұлғаяды.

109. МСАК жұмыс уақытында жедел медициналық жәрдем қайта жіберген жеделдіктің 4 санатындағы қоңырауларға қызмет көрсету үшін мобильді бригаданың жұмыс режимі № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығына сәйкес белгіленеді.

110. Мобильді бригаданың жұмысын үйлестіруді МСАК ұйымының жедел жәрдем бөлімшесінің/кабинетінің басшысы (дәрігері) жүзеге асырады, ол мобильді бригаданың құрамын айқындайды және мынадай себептерге сәйкес олардың шығуын ұйымдастырады:

1) үйде медициналық көмекті және консультацияны талап ететін өз бетінше қозғалу қабілеті шектелген кезде үйге шақыртуларға қызмет көрсету;

2) шақырту сәтінде 5 жасқа дейінгі балалардың дене қызуының 38°C жоғары болған кезде үйге активтің баруы;

3) олардың жай-күйі өз бетінше жүгінуге мүмкіндік бермейтін тәулік бойғы стационардан шығарылғаннан кейін диспансерлік есепте тұрған пациенттерге қызмет көрсету;

4) айналасындағыларға қауіп төндіретін жай-күйлер (инфекциялық науқастармен байланыстың болуы, денеде бөртпе пайда болуы, инкубациялық кезең аяқталғанға дейін инфекциялық аурулар).

111. Үйге шақыруларға қызмет көрсету жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

112. Халыққа МСАК «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексіне, осы Стандартқа, «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24094 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-90 Бұйрығы) және денсаулық сақтау саласындағы басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес беріледі.

Қазақстан Республикасында
медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
1-қосымша

**МСАК көрсететін ұйымдар мамандарының дағдылары мен құзыреттерінің
көлемі**

МСАК ұйымы дәрігерінің медициналық көрсетілетін қызметтері

№	Көрсетілетін қызметтердің атауы	ДА	МСА- КОР- талы- ғы	Емха- на/ Рес- публи- калық МСАК орта- лығы
МСАК ұйымы дәрігерінің қабылдау қызметтері:				
1	алдын ала диагноз қою	+	+	+
2	клиникалық хаттамаларға сәйкес зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерінен өту үшін диагностикалық зерттеулерге жолдама	+	+	+
3	пациенттің тактикасы мен басқару деңгейін анықтау	+	+	+
4	емдеу жоспарын жасау (клиникалық хаттамаларға сәйкес)	+	+	+
5	пациентті психологқа және әлеуметтік қызметкерге консультацияға жіберу (көрсетілімдер болған жағдайда)	+	+	+
6	пациенттерді, оның ішінде ауруларды басқару бағдарламаларына тартылғандарды динамикалық байқау	+	+	+
7	СӨС қалыптастыру және насихаттау	+	+	+
8	Балалық жастағы ауруларды ықпалдастыра қадағалап қарау қағидаларына және патронаждық қызмет көрсетудің эмбебап-прогрессивті моделіне сәйкес 5 жасқа дейінгі балаларды бақылау	+	+	+
9	пациентке бейінді маманға консультацияға жолдама беру (көрсетілімдер болған кезде)	+	+	+
10	көрсетілімдерді анықтау және жоспарлы стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмекке жіберу	+	+	+
11	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру, сондай-ақ өз құзыреті шеңберінде басқа да анықтамалар беру	+	+	+
12	пациенттерге рецепт жазып беру	+	+	+
13	қарап-тексеру нәтижелерімен және денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысымен расталған организм функциясының тұрақты бұзылулары анықталған кезде пациентті медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу	+	+	+
14	медициналық оңалтуға, оның ішінде санаторийлік-курорттық емдеуге жолдама беру	+	+	+
15	вакцинациядан кейінгі кезеңнің қолайсыз салдарын тіркеуді қоса алғанда, Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша иммундау іс-шараларын жүргізу	+	+	+

16	аурулардың мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау мақсатында халықтың нысаналы топтарына скринингтік және профилактикалық қарап-тексерулер жүргізу	+	+	+
17	денсаулық тобын анықтай отырып, фертильді жастағы әйелдерді динамикалық байқау, экстрагени- тальды патологияны анықтау, диспансерлеу және сауықтыру	+	+	+
18	репродуктивтік денсаулықты сақтау бойынша іс-шараларды іске асыру (гинекологиялық патологи- яны анықтау және сауықтыру, акушер-гинекологқа жолдама, отбасын жоспарлау мәселелері және контрацепция әдістері туралы консультация)	+	+	+
19	жүктілікті жоспарлау кезінде ерлі-зайыптыларды, әйелдерді алдын ала дайындықпен қамтамасыз ету	+	+	+
20	жүктіліктің антенатальды бақылауы және босанғаннан кейінгі босануды бақылау	+	+	+
21	инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профи- лактикалық іс-шаралар	+	+	+
22	жедел медициналық жәрдем бригадасы келгенге дейін шұғыл жағдайларда медициналық көмекті уақтылы көрсету және құтқару мақсатында шұғыл көмек көрсету (BLS)	+	+	+

МСАК ұйымының дәрігері үшін практикалық дағдылар тізбесіне мыналар кіреді:

№	Дағдылардың атауы	ДА	МСАК Орта- лығы	Емха- на/ Рес- публи- калық МСАК орта- лығы
1	ABO жүйесі бойынша қан тобын стандартты сарысулармен немесе моноклоналды реагенттермен анықтау	+	+	+
2	Қанның резус- факторын анықтау	+	+	+
3	өңдеу, тігістерді алу, лигатураларды алып тастау	+	+	+
4	Асқазанды шаю	+	+	+
5	Жараларды емдеу және таңу	+	+	+
6	гипсті салу және алу;	+	+	+
7	дәрі-дәрмектер мен қан алмастырғыштарды тамшылатып және реактивті құю	+	+	+
8	ЭКГ-ны алу және ашып жазу	+	+	+
9	Сыртқы қан кетуді тоқтату	+	+	+
10	Пневмотахометрия, спирометрия жүргізу	+	+	+
11	диагностикалық экспресс-әдістерді жүргізу (глюкометрия)	+	+	+
12	Қуықты катетірілеу	+	+	+
13	тік ішек пен қуық асты безін саусақпен зерттеу	+	+	+
14	сұйықтықты аспирациялау кезінде жоғарғы тыныс жолдарын тазарту;	+	+	+
15	Дезо таңғышын қолдану	+	+	+
16	Крамер шинасының қабаттасуы	+	+	+
17	Жүрекке жанама массаж жасау	+	+	+
18	Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу	+	+	+
19	анафилактикалық шок, жіті тыныс алу функциясының жеткіліксіздігі, жіті тамыр функциясының жеткіліксіздігі (естен тану, коллапс), жарақаттар, уланулар, жіті және созылмалы аурулар және басқа да шұғыл жағдайлар кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету (алгоритм бойынша)	+	+	+
20	асқынбаған босануды өзінің қабылдауы	+	+	+

21	жаңа туған нәрестені бастапқы өңдеу, қажет болған жағдайда жаңа туған нәрестелерге алғашқы реанимация көрсету	+	+	+
22	дефибрилляция жүргізу	+	+	+
23	трахео- немесе коникотомия, трахеостомия жүргізу	+	+	+
24	офтальмоскопия	+	+	+
25	отоскопия	+	+	+
26	диабеттік нефропатия диагностикасы	+	+	+

№	Көрсетілетін қызметтердің атауы	Үй-жай-сыз	МП	ФАП	ДА	МСАК Орталығы	Емхана/Республикалық МСАК орталығы
		1	2	3	4	5	6
Мейіргер (аға) / жалпы практика мейіргері (аға) / кеңейтілген практика мейіргері (аға)							
1	дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету	+	+	+	+	+	+
2	алғашқы медициналық көмек көрсету	+	+	+	+	+	+
3	санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу: СӨС насихаттау, дұрыс тамақтану, денсаулықты нығайту, мінез-құлық қауіп факторларын төмендету (темекі шегу, нашакорлық, уытқұмарлық, алкоголизм) мәселелерінде ақпараттық қамтамасыз ету, гигиеналық оқыту және тәрбиелеу жолымен аурулардың профилактикасы	+	+	+	+	+	+
4	инфекциялық аурулар ошақтарында санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу	+	+	+	+	+	+
5	МСАК ұйымы дәрігерінің жоспарлы қабылдауын ұйымдастыру, қажет болған жағдайда дәрігер қабылдау жүзеге асырылатын ең жақын медициналық ұйымға дейін пациентті жеткізуді және (немесе) алып жүруді ұйымдастыру	+	+	+	+	+	+
6	дәрігердің тағайындауларын орындау қағидалары туралы пациентпен түсіндірме әңгіме жүргізу	+	+	+	+	+	+
7	антропометриялық зерттеу жүргізу және баланың физикалық дамуын бағалау	+	+	+	+	+	+
8	жаңа туған нәрестелер мен 5 жасқа дейінгі балалардың патронажы	+	+	+	+	+	+
9	балада проблеманы анықтау-қауіп белгілері, негізгі белгілері, тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілерінің болуы	+	+	+	+	+	+
10	үйде пациент балаларға және дамуында ауытқулары бар балаларға күтім жасау мәселелері бойынша ата-аналарға консультация	+	+	+	+	+	+
11	ата-аналарға диагностикалық емшаралар мен профилактикалық екпелерге дайындық қағидалары мен талаптары бойынша консультация	+	+	+	+	+	+
12	баланың ата-анасымен дәрігердің тағайындауларын орындау қағидалары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	+	+	+	+	+	+
13	репродуктивтік денсаулықты сақтау жөніндегі іс-шаралар (фертильді жастағы әйелдерді қарап-тексеру кабинетіне, контрацепцияға акушер-гинекологқа, жүктілікті жоспарлау кезінде гравидаралды алдын ала даярлауға жіберу)			+	+	+	+
14		+	+	+	+	+	+

	пациенттердің сүт бездерін қарап-тексеру, емшек сүтімен тамақтандыратын әйелдердің лактациясын бағалау, емшек сүтімен тамақтандыру бойынша түсіндірме әңгіме жүргізу						
15	пациентпен және оның отбасы мүшелерімен кері байланысты қамтамасыз ету, олардың дәрігерлік тағайындауларды орындауға бейілділігін арттыру және аурудың (аурулар болмаған кезде) және аурулардың асқынуларының (олар болған кезде) қаупін төмендетуге ықпал ететін мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	+	+	+	+	+	+
16	отбасын жоспарлау және контрацепция мәселелері бойынша хабардар ету	+	+	+	+	+	+
17	жүктіліктің физиологиялық ағымы бар жүкті әйелдерге антенатальды бақылау жүргізу және босанғаннан кейінгі кезеңде акушермен және МСАК ұйымы дәрігерімен бірлесіп босанған әйелдерді бақылау	+	+	+	+	+	+
18	пациентті және оның отбасы мүшелерін жұқпалы емес аурулардың қаупін азайту үшін қауіп факторларын бақылауға, ауыр пациенттерге күтім жасау әдістеріне, ойық жарасының алдын алуға үйрету	+	+	+	+	+	+
19	паллиативтік медициналық көмек көрсету	+	+	+	+	+	+
20	үйде мейіргердің емшараларды орындауы, сондай-ақ дәрігердің тағайындауы бойынша биологиялық материал алу	+	+	+	+	+	+
21	Денсаулық мектебін өткізу		+	+	+	+	+
22	скринингтік және профилактикалық қарап-тексерулер жүргізу үшін халықтың нысаналы топтарын қалыптастыру	+	+	+	+	+	+
23	профилактикалық қарап-тексерулер жүргізу		+	+	+	+	+
24	жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге, гинекологиялық науқастарға және әлеуметтік қауіпті фертильді жастағы әйелдер тобына үйде медициналық қызмет көрсету, жүкті әйелді жүктіліктің 12 аптасы мен 32 аптасына дейінгі мерзімде әмбебап патронаждық бақылау, олардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы тәуекелдер анықталған жүкті әйелдерді патронаждық бақылау әмбебап схема бойынша- жүктілік патронажының прогрессивті моделі	+	+	+	+	+	+
25	еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ, анықтама беру: масаң күйде салдарынан болатын аурулар кезінде №036\е нысаны, бала, оқушы, студент, №037\е нысаны, өзге себептерге байланысты №038\е нысаны; Науқас баланы күту жөніндегі жұмыстан уақытша босату туралы анықтама (№079\е нысаны); №027\е нысаны бойынша медициналық құжаттама		+	+	+	+	+
26	дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапиялық емшараларды жүргізу		+	+	+	+	+
27	МАЖ арқылы дәрігердің тағайындауы бойынша дәрілік заттарды беру		+	+	+	+	+
28	пациентті психологқа және әлеуметтік қызметкерге консультацияға жіберу (көрсетілімдер бойынша)	+	+	+	+	+	+
29	бейінді мамандарды консультацияға жіберу (көрсетілімдер бойынша)	+	+		+	+	+
30	жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін шұғыл жағдайларда өмірді уақтылы көрсету және құтқару мақсатында шұғыл көмек көрсету (BLS)	+	+	+	+	+	+
Акушер							
1	жүкті әйелдерді, жүктілік мерзімін, акушерлік анамнезді, жүкті әйелдің соматикалық және әлеуметтік мәртебесін ескере отырып, қауіп факторларын анықтау			+	+	+	+

2	патронаждық қызмет көрсетудің әмбебап-прогрессивті моделі қағидаттарын сақтай отырып, үйдегі патронаж			+	+	+	+
3	жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдама			+	+	+	+
4	жүкті әйелдер мен гинекологиялық пациенттерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету			+	+	+	+
5	жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін шұғыл жағдайларда өмірді уақтылы көрсету және құтқару мақсатында шұғыл көмек көрсету (BLS)			+	+	+	+
6	учаскелік дәрігерлермен және бейінді мамандармен бірлесіп созылмалы аурулары бар қауіп факторлары бар жүкті әйелдерді динамикалық байқау			+	+	+	+
7	Физиологиялық жүктілікті бақылау			+	+	+	+
8	көрінетін жерде орналасқан ісік алды және ісік ауруларын (сүт безі, тері, жатыр мойны және т. б.) ерте анықтау мақсатында әйелдерді профилактикалық қарап-тексеру			+	+	+	+
9	жатыр мойны ауруларын ерте анықтауға скрининг жүргізуге қатысу (биоматериал алу)			+	+	+	+
10	құзыреті шегінде дәрігердің тағайындауы бойынша медициналық манипуляцияларды орындау			+	+	+	+
11	босанғаннан кейінгі кезеңде жүкті және босанған әйелдерді бақылау			+	+	+	+
12	фертильді жастағы әйелдерді, оның ішінде контрацептивтермен қамтылғандарды динамикалық байқау (гормоналды ауызша контрацептивтер және жатыр ішілік құрылғылар)			+	+	+	+
13	әйелдер мен балалардың денсаулығын сақтау, әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, емшек сүтімен тамақтандыру профилактикасы, отбасын жоспарлау және т. б. бойынша санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу			+	+	+	+
14	«Бекітілген халық тіркелімі» электрондық порталының «жүкті және фертильді жастағы әйелдер тіркелімі» кіші жүйесіне және МАЖ-ға деректерді енгізу			+	+	+	+
Медицина қызметкерінің дағдылары							
Мейіргер (аға)							
1	қолтықтағы, тік ішектегі, сублингвальды дене температурасын өлшеу	+	+	+	+	+	+
2	кәріжілік артериясы тамырының соғуын өлшеу	+	+	+	+	+	+
3	артериялық қысымын өлшеу	+	+	+	+	+	+
4	пациенттің жүрек соғу жиілігін өлшеу						
5	бой мен салмақты өлшеу	+	+	+	+	+	+
6	дене салмағының индексін өлшеу	+	+	+	+	+	+
7	белін өлшеу	+	+	+	+	+	+
8	тыныс алу қозғалыстарының санын санау	+	+	+	+	+	+
9	венадан қан алу	+	+	+	+	+	+
10	саусақтан қан алу	+	+	+	+	+	+
11	мұрыннан, жоғарғы тыныс жолдарынан шырышты сору	+	+	+	+	+	+
12	асқазанды шаю	+	+	+	+	+	+
13	инъекция (тері ішіне, тері астына, бұлшықет ішіне, венаішіне)	+	+	+	+	+	+
14	сұйықтықтарды венаішіне ағынмен, тамшылатып енгізу	+	+	+	+	+	+
15	тазарту клизмасын қою	+	+	+	+	+	+
16	газ өткізетін трубка қою	+	+	+	+	+	+

17	назогастроналды зонд қою	+	+	+	+	+	+
18	куыққа катетер қою	+	+	+	+	+	+
19	қанды қалпына келтіретін жгут салу	+	+	+	+	+	+
20	Дезо таңғышын қою	+	+	+	+	+	+
21	Крамер шинасын қою	+	+	+	+	+	+
22	динамометрияны жүргізу	+	+	+	+	+	+
23	пульсоксиметрияны жүргізу	+	+	+	+	+	+
24	Маклаков бойынша көзішілік қысымды өлшеу		+	+	+	+	+
25	байланыстан болмаған пневмотонометрия		+	+	+	+	+
26	таңғыштар	+	+	+	+	+	+
27	электрокардиографиялық зерттеу жүргізу (12 жалғам)	+	+	+	+	+	+
28	автоматтандырылған аппараттарда жазу кезінде спирография жүргізу		+	+	+	+	+
29	аудиометрия жүргізу		+	+	+	+	+
30	ойық жараларын өңдеу	+	+	+	+	+	+
31	тыныс алу гимнастикасын өткізу және оқыту	+	+	+	+	+	+
32	ЕДШ топта немесе жеке өткізу		+	+	+	+	+
33	физиотерапиялық емшараларды жүргізу		+	+	+	+	+
34	трахеостома, гастростома, колостомия және басқа да стоматологиялық түрлерге күтім жасау	+	+	+	+	+	+
35	диабеттік нейропатия диагностикасын жүргізу	+	+	+	+	+	+
36	балалардың функционалдық сынамасын жүргізу («6 минуттық жүру»)	+	+	+	+	+	+
37	Балалардағы жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің дамуының функционалдық жай-күйіне бағалау жүргізу (функционалдық сынамалар, степ-тест, Летунов сынамасы)	+	+	+	+	+	+
Акушер							
1	Қолтық ойығында, тік ішектегі, сублингвальды дене температурасын өлшеу			+	+	+	+
2	Кәріжілік артериясының пульсін өлшеу			+	+	+	+
3	тыныс алу қозғалыстарының санын есептеу			+	+	+	+
4	артериялық қысымды өлшеу			+	+	+	+
5	венадан қан алу			+	+	+	+
6	саусақтан қан алу			+	+	+	+
7	микробиологиялық зерттеулерге материал алу			+	+	+	+
8	қынаптың тазалық дәрежесіне жағынды алу			+	+	+	+
9	онкоцитологияға жағынды алу			+	+	+	+
10	мұрыннан, жоғарғы тыныс жолдарынан шырышты сору			+	+	+	+
11	асқазанды шаю			+	+	+	+
12	инъекция (тері ішіне, тері астына, бұлшықет ішіне, венаішіне)			+	+	+	+
13	сұйықтықтарды венаішіне ағынмен, тамшылатып енгізу			+	+	+	+
14	тазарту клизмасын қою			+	+	+	+
15	газ өткізетін трубка қою			+	+	+	+
16	Мұрынға гастральды зонд қою			+	+	+	+
17	куыққа катетер қою			+	+	+	+

18	қанды қалпына келтіру жгутын салу			+	+	+	+
19	Дезо таңғышты салу			+	+	+	+
20	Крамер шинасын салу			+	+	+	+
21	жараларды емдеу			+	+	+	+
22	ойық жараларды емдеу			+	+	+	+
23	таңғыштар			+	+	+	+
24	электрокардиографиялық зерттеуді алу (12 жалғам)			+	+	+	+
25	енгізу, қынапты ұстап тұратын сақинаны алу (пессарий)			+	+	+	+
26	асқынбаған босануды өз бетінше қабылдау			+	+	+	+
27	патологиялық босану кезінде дәрігерге көмек көрсету			+	+	+	+
28	жаңа туған нәрестені бастапқы емдеу, қажет болған жағдайда жаңа туған нәрестелерге алғашқы реанимация көрсету			+	+	+	+
29	аспаптарды, құралдарды, таңу материалдарын сақтау, өңдеу, стерильдеу.			+	+	+	+

Отбасы(лар) мейіргері, кеңейтілген практика мейіргері өз бетінше қабылдауда мыналарды жүзеге асырады:

№	Көрсетілетін қызметтердің атауы	ДА	МСАК Орта- лығы	Емха- на/ Рес- публи- калық МСАК орта- лығы
1	құзыреті шегінде мейіргердің зерттеп-қарауы (субъективті қарап-тексеру: пациенттің денсаулық жағдайы туралы ақпарат жинау, шағымдар, өмір анамнезі, ауру анамнезі)	+	+	+
2	пациентті қарап-тексеру	+	+	+
3	мейіргер зерттеулерінің жіктелуіне сәйкес мейіргерлік диагнозды белгілеу	+	+	+
4	белгіленген мейіргер диагнозына сәйкес мейіргерлік араласуларды орындау	+	+	+
5	белгіленген мейіргер диагнозы бойынша ұсыныстарды тағайындау	+	+	+
6	пациентті жалпы практика дәрігеріне немесе учаскелік дәрігерге, бейінді маманға, психологқа, әлеуметтік қызметкерге консультацияға жіберу	+	+	+
7	Балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра қадағалап қарау қағидаттарын сақтай отырып, 5 жасқа дейінгі балаларды бақылау	+	+	+
8	пациенттер мен отбасы мүшелеріне жалпы күтім емшараларына және ауруларды басқаруға оқыту-ды ұйымдастыру және бақылау	+	+	+
9	денсаулықты нығайту және аурулардың профилактикасы жөніндегі қызметті ұйымдастыру, дәрі-герлік тағайындауларды орындау, профилактикалық іс-шаралардың іске асырылуын бақылау, іс-шаралардың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау	+	+	+
10	пациенттерге алғашқы медициналық көмек, оның ішінде төтенше жағдайларда, дәрігерге дейінгі және паллиативтік медициналық көмек көрсету	+	+	+
11	пациенттерді динамикалық байқаудың 1-кезеңін, оның ішінде ауруларды басқару бағдарламала-рын жүргізу	+	+	+
12	қарап-тексеру нәтижелерін медициналық құжаттамаға енгізу	+	+	+
13	пациент пен отбасы мүшелерін жалпы күтім емшараларына және ауруды басқаруға үйретуді ұй-ымдастыру және бақылау	+	+	+

14	№ ҚР ДСМ-112 бұйрыққа және № ҚР ДСМ -75 бұйрыққа сәйкес пациенттерге рецепт жазып беру	+	+	+
15	денсаулық мектептерін жүргізу	+	+	+
16	профилактикалық сипаттағы әңгімелер өткізу (СӨС насихаттау, дұрыс дұрыс тамақтану, еңбек және демалыс режимін сақтау, жарақаттанудың, суицидтің алдын алу, психикалық және репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша, отбасын жоспарлау, контрацепция және прегравидарлық дайындық темекі шегудің және алкогольді тұтыну профилактикасы, контрацепция, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу, туберкулез профилактикасы мәселелері бойынша әңгімелесу және басқа)	+	+	+
17	үйде мобильді қосымша болған жағдайда медициналық құжаттамаға және МАЖ-ға тексеру нәтижелерін енгізу	+	+	+
18	инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар	+	+	+
19	пациенттерге және пациенттер мен олардың туыстарына дәрілік заттарды қабылдау, режим, тамақтану, диспансерлік науқастарды оңалту іс-шаралары мәселелеріне консультация және оқыту	+	+	+
20	жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін шұғыл жағдайларда өмірді құтқару және уақтылы көрсету мақсатында шұғыл көмек көрсету (BLS)	+	+	+

Әлеуметтік қызметкер қабылдауда мыналарды жүзеге асырады:

№	Көрсетілетін қызметтердің атауы	ДА	МСАК Орталығы	Емхана/Республикалық МСАК орталығы
1	маман тағайындаған медициналық және әлеуметтік рәсімдерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу (маманды үйге шақырту)	+	+	+
2	медициналық-әлеуметтік көмек көрсету үшін әлеуметтік тәуекелдер санаттарының тізімін қалыптастыру	+	+	+
3	жалпы әлеуметтік жағдайды бағалау (әлеуметтік диагностика, әлеуметтік араласу, әлеуметтік диагноз, әлеуметтік патронаж) және медициналық-әлеуметтік қызметтер пакетін анықтау	+	+	+
4	Халықты әлеуметтік қызмет түрлері туралы хабардар ету, пациенттерді әлеуметтік сауықтыру процесіне тарту	+	+	+
5	әлеуметтік-медициналық проблемаларды анықтау және шешу бойынша қызмет алушылармен жеке жұмыс жүргізу	+	+	+
6	пациенттерді әлеуметтік қолдау (сұрау салуларды, заңды құжаттарды ресімдеу, медициналық-әлеуметтік сараптамаға, қарттар үйіне және мүгедектер үйіне, мектеп-интернаттарға, бейімдеу және оңалту орталықтарына жолдаманы ресімдеуге қатысу немесе көмек көрсету)	+	+	+
7	әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілікті айқындау мақсатында куәландырудан өту үшін құжаттарды ресімдеуде қызметтер көрсету	+	+	+
8	медициналық-әлеуметтік қызмет қызметін аралас ведомстволық емес ұйымдармен үйлестіру (педагогтер, психологтар, заңгерлер және т. б.)	+	+	+
9	халықтың осал топтарын әлеуметтік және қаржылық қолдау мәселелерін шешу үшін медициналық-әлеуметтік қызметтің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтаудың жергілікті мемлекеттік органдарымен қызметін үйлестіру	+	+	+
10	медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесу	+	+	+
11	дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу	+	+	+
12		+	+	+

	мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу			
13	қызмет алушыларды техникалық көмекші (компенсаторлық) және міндетті гигиеналық құралдарды пайдалануға үйрету	+	+	+
14	әлеуметтік қызмет бойынша медициналық құжаттаманы ресімдеу және МАЖ-ға енгізу	+	+	+
15	мұқтаж адамға (отбасына) өмірлік қиын жағдайды еңсеру не оның туындауының алдын алу үшін қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтердің жеке көлемі мен түрлерін бағалау және айқындау	+	+	+
16	пациенттің отбасы мүшелеріне қарттарға, мүгедектерге және үйде мүмкіндігі шектеулі адамдарға күтім жасау дағдыларын игеруге консультация және оқыту	+	+	+
17	отбасы мүшелерін, оның ішінде мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын жалпы күтімнің практикалық дағдыларына үйрету	+	+	+

Психолог қабылдауда мыналарды жүзеге асырады:

№	Көрсетілетін қызметтердің атауы	ДА	МСАК орталығы	Емхана/Республикалық МСАК орталығы
1	пациенттерді (оның ішінде жүкті әйелдер мен балаларды) әлеуметтік-психологиялық зерттеп-қарау	+	+	+
2	әлеуметтік топтарға (пациенттерге және олардың отбасыларына) және өмірлік қиын жағдайға тап болған жеке тұлғаларға психологиялық және консультациялық көмек көрсету; (өз бетінше және отбасылық дәрігердің, жалпы практика дәрігерінің жолдамасы бойынша жүгінгендерге	+	+	+
3	психологиялық көмекке мұқтаж пациенттерді психологиялық сүйемелдеу	+	+	+
4	«сенім телефоны» бойынша консультациялық және ақпараттық көмек	+	+	+
5	мультипәндік топ құрамында ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде созылмалы аурулары бар пациенттерді өзін-өзі басқаруды оқыту	+	+	+
6	психикалық денсаулықты нығайту, өмір сүру сапасын, халықтың психикалық әл-ауқатының деңгейін арттыру бойынша зерттеулерге қатысу	+	+	+
7	психикалық денсаулық мәселелерінде халықтың хабардарлығын арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру	+	+	+
8	өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасаған адамдармен, динамикалық байқау тобының 2В және 5 тобындағы фертильді жастағы әйелдермен, оңалтудың 3 кезеңінен өтетін пациенттермен өмірлік қиын жағдайларға тап болған пациенттермен жеке консультациялар	+	+	+

Қысқартулар:

МП – медициналық пункт,

ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункт,

ДА – дәрігерлік амбулатория,

МСАК Орталығы – медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы

Республикалық МСАК орталығы – Республикалық медициналық алғашқы
санитариялық көмек орталығы

Қазақстан Республикасында
медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
2-қосымша

**МСАК көрсететін медициналық ұйымдары бөлімшелерінің (кабинеттерінің
/бөлімшелерінің) құрылымы**

№	Үй-жайдың атауы	МП	ФАП	ДА	МСАК О	Ем- ха- на	Рес- публи- калық МСАК орта- лығы
1	Дәрігерге дейінгі қабылдау кабинеттері	-	-	+	+	+	+
2	Профилактикалық медицина және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлім- шесі	-	-	-	-	+	+
3	Қарап-тексеру кабинеті әйелдер	-	-	-	-	+	+
4	Қарап-тексеру кабинеті ерлер	-	-	-	-	+	+
5	Қарап-тексеру кабинеті	-	-	+	+	-	-
6	СӨС кабинеттері (денсаулық мектептері)	-	-	-	+	+	+
7	Скринингтік зерттеулер кабинеті	-	-	+	+	+	+
8	Кезек күттірмейтін медициналық көмек бөлімшесі	-	-	-	-	+	+
9	Кезек күттірмейтін медициналық көмек кабинеті	-	-	-	+	-	-
10	Бөлек кіру есігі бар сүзгі	-	-	-	+	+	+
11	Фельдшер кабинеті	-	+	-	-	-	-
12	Акушерлік қабылдау кабинеті	-	+	+	-	-	-
13	Мейірбикелік қабылдау кабинеті	+	+	+	+	+	+
14	Отбасылық денсаулық орталығы	-	-	-	+	+	+
15	Жалпы практика дәрігерлерінің және (немесе) отбасылық дәрігердің, учас- келік терапевттің және (немесе) учаскелік педиатрдың қабылдау кабинеті	-	-	+	+	+	+
16	Акушер-гинеколог кабинеті	-	-	-	+	-	-
17	Отбасын жоспарлау және босануға дайындық кабинеті	-	-	-	ТБ	-	-
18	Әлеуметтік қызметкер кабинеті	-	-	+	+	+	+
19	Психолог кабинеті (қызметкерлер үшін эмоционалдық жануының алдын алу, үнсіздік кабинеті, арт-терапия)	-	-	+	+	+	+
20	Әйелдер кеңесі Акушер-гинеколог кабинеті Балалар мен жасөспірімдер гинекологының кабинеті Жүкті әйелдерді басқаруға арналған дәрігер-терапевт кабинеті Акушерка кабинеті Процедуралық кабинет	-	-	-	-	+	+

21	Ерте араласу және балаларды дамыту орталығы: Дәрігер-супервайзер кабинеті БШАЫҚ үйлестірушісінің кабинеті Үйлестіруші кабинеті патронаждың әмбебап прогрессивті моделі Психолог кабинеті Логопед/дефектолог кабинеті Баланы дамыту кабинеті	-	-	-	-	+	+
22	Ерте араласу және балаларды дамыту кабинеті: БШАЫҚ үйлестірушісінің кабинеті Үйлестіруші кабинеті патронаждың әмбебап прогрессивті моделі Баланы дамыту кабинеті	-	-	-	+	-	-
23	Профилактикалық қарап-тексерулер жүргізу бойынша мейіргер ісі маман- дарының кабинеті	-	-	-	+	+	+
24	Әмбебап-прогрессивті патронаж моделі мейіргер ісі мамандарының каби- неті	-	-	ТБ	+	+	+
25	Балаға қосымша тағамдарды дайындауға оқыту жөніндегі ресурстық орта- лық	-	-	-	-	+	+
26	Тікелей бақыланатын емдеу кабинеті	-	-	ТБ	ТБ	+	+
27	Қақырықты алу кабинеті	-	-	-	ТБ	+	+
28	АББ және СӨС қатысатын пациенттерге арналған топтық қабылдау каби- неттері	-	-	-	+	+	+
29	Дәріхана пункті	-	ТБ	ТБ	+	+	+
30	Процедуралық кабинет	+	+	+	+	+	+
31	Егу кабинеті	-	-	+	+	+	+
32	Күндізгі стационар	-	-	+	+	+	+
33	Физиотерапия кабинеті	-	-	ТБ	+	+	+
34	Функционалдық диагностика кабинеті	-	-	ТБ	ТБ	+	+
35	Ультрадыбыстық зерттеу кабинеті	-	-	ТБ	ТБ	+	+
36	Сәулелік диагностика кабинеті (флюорография, рентгенография, маммо- графия)	-	-	-	-	+	+
37	Эндоскопия кабинеті	-	-	-	-	+	+
38	Ауруларды басқару бағдарламасын енгізу және мониторингілеу жөніндегі үйлестіруші кабинеті (дәрігер / Қоғамдық денсаулық сақтау маманы / бака- лавр дәрежесі бар мейірбике специалист маманы)	-	-	-	+	+	+
39	Геронтолог кабинеті	-	-	-	+	+	+
40	Клиникалық фармаколог кабинеті	-	-	-	+	+	+
41	Тіркеуші кабинеті	-	-	+	+	+	+
42	Жастар денсаулық орталығы	-	-	-	-	+	+
43	Стратегиялық даму және ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек бөлімі	-	-	-	-	-	+

Қысқарту:

ТБ – талап етуі бойынша

Бұл құрылым ең төмен болып табылады және нақты жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерді ескере отырып, сондай-ақ медициналық ұйымның бірінші

басшысының шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен толықтырылуы және нақтылануы мүмкін.

**Қазақстан Республикасында
медициналық-санитариялық
алғашқы көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
3-қосымша**

МСАК көрсететін ұйымдардың штаттық нормативтері

№	Лауазымдардың атауы	Лауазымдар саны
Медициналық пункт		
1	Жалпы практика дәрігері / отбасылық дәрігер ⁶	Ауылдық жерде дәрігер болған жағдайда 1 лауазымға рұқсат етіледі
2	Жалпы, учаскелік және (немесе) кеңейтілген практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (аға) және (немесе) акушері(лері)	кемінде 1 лауазым
Фельдшерлік-акушерлік пункт		
1	Жалпы практика дәрігері / отбасылық дәрігер ⁶	Ауылдық жерде дәрігер болған жағдайда 1 лауазымға рұқсат етіледі
2	Жалпы, учаскелік және (немесе) кеңейтілген практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (аға)	кемінде 1 лауазым
3	Акушер	кемінде 1 лауазым бекітілген фертильді жастағы әйелдердің санына қарамастан
Дәрігерлік амбулатория (Отбасылық денсаулық орталығы)		
1	Дәрігерлік амбулаторияның басшысы (жекелеген елді мекендерде орналасқан қалалық, аудандық емханалардың құрылымдық бөлімшелері жанындағы аға дәрігер)	бекітілген халқы 5000-ға дейін 0,25 лауазым, халқы 5000-нан асатын дәрігерлік амбулаторияда босатылған бас (аға) дәрігер лауазымы белгіленеді
2	Жалпы практика дәрігері, отбасылық дәрігер	аралас халықтың 1700-2000 адамына 1 лауазым
3	Терапевт дәрігер	ересек тұрғындардың 2200 адамына 1 лауазым
4	Педиатр дәрігер	0 жастан 18 жасқа дейінгі 900 балаға 1 лауазым;
5	Акушер-гинеколог	1 лауазым
6	Күндізгі стационар дәрігері	10 төсекке бір лауазым
7	Жалпы және (немесе) кеңейтілген практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (аға)	Жалпы практика дәрігерінің 1 лауазымына 3 лауазым; 1 дәрігер (учаскелік) терапевт немесе педиатр лауазымына 2 лауазым
8	Жалпы, учаскелік және (немесе) кеңейтілген практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (ағасы)	1 лауазым (бір учаскесі бар шалғайдағы ОДА үшін күндізгі стационардың емшара және мейіргері-1 лауазым)
9	Екпе кабинетінің мейіргері	1 лауазым
10	Акушер	1 лауазым
11	Дәрігерге дейінгі және скринингтік кабинеттердің кеңейтілген және (немесе) жалпы практикасының фельдшері және (немесе) мейіргері (аға)	1 лауазым
12	Туберкулезді емдеуді үздіксіз бақылайтын кабинет мейіргері (химизатор)	0,25 лауазым
13	Мектеп мейіргері	700 білім алушыға 1 лауазым, бірақ 700-ден аз білім алушылар саны бар шағын жинақты мектептерде кемінде 1 мейіргер лауазымы.
14	Call-орталықтың менеджері (фельдшер, мейіргер) ⁵	1 лауазым
15	Тіркеуші	1 лауазым

МСАК орталығы		
1	МСАК орталығының басшысы	1 лауазым
2	Бөлімше меңгерушісі	8 дәрігерлік лауазымға 1 лауазым
3	Аға мейіргер	8 дәрігерлік лауазымға 1 лауазым
4	Жалпы практика дәрігері, отбасылық дәрігер	Аралас халықтың 1700-2000 адамына 1 лауазым
5	Терапевт дәрігер	2200 ересек адамға 1 лауазым
6	Педиатр дәрігер	0 жастан 18 жасқа дейінгі 900 балаға шаққанда 1 лауазым
7	Жасөспірім дәрігері (педиатрлар қатарынан)	МСАК ұйымы қызмет көрсететін 15 жастан 18 жасқа дейінгі 2000 білім алушыға 1 лауазым
8	Акушер-гинеколог	3300 әйел халқына шаққанда 1 лауазым
9	Геронтолог дәрігер	65 жастан асқан 20 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ кемінде 1 лауазым
10	Күндізгі стационар дәрігері	10 төсекке 1 лауазым
11	Сарапшы дәрігер (Ішкі аудит дәрігері)	8 учаскеге 1 лауазым
12	Ауруларды басқару бағдарламасын енгізу және мониторинг жөніндегі үйлестіруші (дәрігер / Қоғамдық денсаулық сақтау маманы / бакалавр дәрежесі бар мейіргер ісі маманы)	1 лауазым
13	Кеңейтілген практиканың және (немесе) жалпы практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (аға)	Жалпы практика дәрігерінің 1 лауазымына 3 лауазым; 1 лауазымға 2 лауазым учаскелік терапевт немесе педиатр
14	Акушер	1 акушер-гинеколог лауазымына 1,5 лауазым
15	Күндізгі стационар мейіргері	10 төсекке 1 лауазым
16	Емшара кабинетінің мейіргері	1 лауазым
17	Екпе кабинетінің мейіргері	1 лауазым
18	Дәрігерге дейінгі қарап-тексеру кабинетінің мейіргері	1 лауазым
19	Қарау кабинетінің акушері (әйел)	1 лауазым
20	Кеңейтілген практиканың және (немесе) жалпы практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (аға) қарап-тексеру кабинетінің (ерлер)	1 лауазым
21	СӨС мейіргері	1 лауазым
22	Әлеуметтік қызметкер	10 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ 1 лауазымнан кем емес
23	Психолог	10 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ 1 лауазымнан кем емес
24	Отбасын жоспарлау кабинетінің акушері	1 лауазым
25	Зертханалық қызмет маманы ⁴	1 лауазым
26	Туберкулезді емдеуді үздіксіз бақылайтын кабинет мейіргері (химизатор)	0,5 лауазым
27	Бағдарламашы	Кемінде 1 лауазым
28	Пациенттерді қолдауды үйлестірушісі	20 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ кемінде 1 лауазым
29	Клиникалық фармаколог	1 лауазым
30	Фармацевт	1 лауазым
31	Менеджер-әкімші (пациенттер ағынын тарату үшін) ⁵	10 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ кемінде 1 лауазым
32	Call-орталықтың менеджері (фельдшер, мейіргер) ⁵	10 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ кемінде 1 лауазым
33	Тіркеуші ¹	1 лауазым
34	Call-орталық операторы ⁵	1 лауазым

Фильтр-кабинет		
1	Фильтр кабинетінің дәрігері (жалпы практика дәрігері / отбасылық дәрігер / терапевт / педиатр / фельдшер) ² (инфекциялық аурулардың ұлғаюы кезеңінде қосымша лауазымдар қалыптастырылады)	1 лауазым
Жедел жәрдем кабинеті		
1	Жедел жәрдем кабинетінің үйлестіруші дәрігері (жалпы практика дәрігері/ отбасылық дәрігер/ терапевт/ педиатр)	1 лауазым
2	Жедел жәрдем кабинетінің фельдшері ¹	1 лауазым
3	Үйде қызмет көрсетуге арналған мобильді бригаданың фельдшері	25000 халыққа шаққанда 1 лауазым
4	Үйде қызмет көрсетуге арналған мобильді бригада жүргізушісі	25000 халыққа шаққанда 1 лауазым
Педиатриялық бөлімше		
Балаларды дамыту және ерте араласу кабинеті		
1	Педиатр дәрігер	1 лауазым
2	БШАБҚ үйлестірушісі	0,5 лауазым
3	Әмбебап прогрессивті патронаж моделінің үйлестірушісі	5000 балаға шаққанда 1 лауазым
4	Баланы дамыту кабинетінің мейіргері	1 лауазым
Мектеп медицинасы		
1	Педиатр дәрігер	МСАК ұйымы қызмет көрсететін 2000 білім алушыға 1 лауазым
2	Мейіргер	700 білім алушыға 1 лауазым, бірақ екі және үш ауысымдық оқыту режимі бар орта білім беру ұйымдарында кемінде 2 лауазым және білім алушылар саны 2800-ден асатын орта білім беру ұйымдарында 4,0-ден аспайтын лауазым; 700-ден кем білім алушылары бар шағын жинақты мектептерде кемінде 1 мейіргер лауазымы.
3	Бейінді бағыт бойынша профилактикалық қарап-тексеретін хирург кабинетінің мейіргері ¹	1 лауазым
4	Бейінді бағыт бойынша профилактикалық қарап-тексеретін офтальмолог кабинетінің мейіргері ¹	1 лауазым
5	«Стоматология» мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар маман / «Стоматология» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік медициналық білімі бар маман / ауыз қуысын кешенді қарап-тексеруге арналған тіс дәрігері (тіс дәрігері)/ стоматологиялық гигиенист ¹	1 лауазым
Емхана/ Республикалық МСАК орталығы		
1	Директор	1 лауазым
2	Директордың орынбасары	1-3 лауазым
3	Директордың мейіргер ісі жөніндегі орынбасары/бас мейіргер	1 лауазым
4	Бөлімше меңгерушісі	8 учаскеге 1 лауазым
5	Аға мейіргер	Бөлімше меңгерушілерінің лауазымдарына сәйкес
6	Жалпы практика дәрігері, отбасылық дәрігер	Аралас халықтың 1700-2000 адамына 1 лауазым
7	Терапевт дәрігер	2200 ересек адамға 1 лауазым

8	Педиатр дәрігер	0 жастан 18 жасқа дейінгі 900 балаға 1 лауазым
9	Жасөспірім дәрігері (педиатрлар қатарынан)	МСАҚ ұйымы қызмет көрсететін 15 жастан 18 жасқа дейінгі 2000 білім алушыға 1 лауазым
10	Геронтолог дәрігер	65 жастан асқан 20 000 халыққа шаққанда 1 лауазым
11	Күндізгі стационар дәрігері	10 төсекке 1 лауазым
12	Кеңейтілген практиканың және (немесе) жалпы практиканың фельдшері және (немесе) мейіргері (аға)	Жалпы практика дәрігерінің 1 лауазымына 3 лауазым; 1 лауазымға 2 лауазым учаскелік терапевт немесе педиатр
13	Күндізгі стационар мейіргері	10 төсекке 1 лауазым
14	Емшара кабинетінің мейіргері	30 000 халыққа шаққанда 1 лауазым
15	Екпе кабинетінің мейіргері	15000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
16	Туберкулезді емдеуді үздіксіз бақылайтын кабинет мейіргері (химизатор)	1 лауазым
17	Қақырықты жинауға арналған мейіргер	0,5 лауазым
18	Зертханалық қызмет маманы ⁴	1 лауазым
19	Сарапшы дәрігер (Ішкі аудит)	8 учаскокке 1 лауазым
20	Өлім себептерін кодтаушы маман	30 000 бекітілген халыққа 1 лауазым, бірақ ұйымға кемінде 1 лауазым
21	Клиникалық фармаколог	30 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
22	Фармацевт	30 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
23	Статист дәрігер	30 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
24	Медициналық статист	30 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
25	Бағдарламашы	30 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
26	Пациенттерді қолдауды үйлестірушісі	20 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
27	Менеджер-әкімші (пациенттер ағынын тарату үшін) ⁵	20 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
28	Call-орталықтың менеджері (фельдшер, мейіргер) ⁵	10 000 халыққа шаққанда 1 лауазым, бірақ аудандық емханада кемінде 1 лауазым
29	Тіркеуші	10 000 халыққа шаққанда 1 лауазым
30	Call-орталық операторы ⁵	1 лауазым
Әйелдер консультациясы		
1	Бөлімше меңгерушісі(лері)	1 лауазым
2	Аға акушер	1 лауазым
3	Акушер-гинеколог	3300 әйел халқына шаққанда 1 лауазым
4	Балалар мен жасөспірімдер гинекологы	1 лауазым
5	Жүкті әйелдерді басқаруға арналған терапевт дәрігер	1 лауазым
6	Акушерка	1 акушер-гинеколог лауазымына 1,5 лауазым
7	Отбасын жоспарлау кабинетінің акушері	1 лауазым
8	Емшара кабинетінің мейіргері	1,5 лауазым
9	Тіркеуші	2 лауазым

Профилактикалық медицина және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесі		
